

## "Қазаселқорғау" өндірістік бірлестігін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 26 сәуірдегі N 510

"Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарын басқару туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 27 қарашадағы N 1598 P951598\_ қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазаселқорғау" өндірістік бірлестігі (бұдан әрі - Қазаселқорғау) "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясынан бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

Селден қорғау шараларын жүзеге асыратын ұйымдардың құқықтық мәртебесін заң тәртібімен айқындағанға дейін Қазақ селден қорғау ұйымдық-құқықтық нысан бойынша қазыналық кәсіпорынға жатқызылсын және ол қайта ұйымдастырылған бірлестіктің құқықтық мұрагері болып белгіленсін.

2. Мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясымен Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақ селден қорғауды мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен Комитетке Қазақ селден қорғаудың мүлкін иеленуге, пайдалануға және басқаруға құқық берсін.

4. Комитет мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп Қазақ селден қорғауды қайта ұйымдастыруға байланысты ұйымдық, қаржылық және басқа мәселелерді шешсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі